Бөлімі	**IV бөлім. Мультимедиа (ортақ тақырып: «Дені саудың жаны сау»)**
Педагогтің аты-жөні	**Шайлавов З.Х**
Күні	2A, 21.01.2025 2B, 16.01.2025 2C, 21.01.2025
Сыныбы	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Дыбыстық әсерлер**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.2.4.2 дыбыстық файлдарды өңдеу;
Сабақтың мақсаты	***Барлық оқушы үшін:*** Дыбыстық әсерлермен танысады. Дыбыстың адамға жағымды және жағымсыз әсері туралы әңгімелейді.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі (1-7 мин.)	**Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.** **I. Қызығушылықты ояту** **«Айдаһар» ойыны** Оқушыларды сергітіп алу үшін, мұғалім бәрінің бір-бірінің белінен ұстап тұруын сұрайды. Бірінші тұрған оқушы «айдаһардың басы», ең соңындағы оқушы «айдаһардың құйрығы». «Айдаһардың басы» өз «құйрығын» ұстап алуы керек. /Бұл ойынды ойнату арқылы сыныпта психологиялық жағымды көңіл күй орнығады. Оқушылар сабаққа көтеріңкі көңіл күймен белсене қатысуына септігін тигізеді/.			
(МК, Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі	Мұғалім өткен сабақ пен жаңа сабақты ұштастыру мақсатында оқушыларға сұрақтар қояды. Оқушылар ұжымдық үлгіде жалпылама жауап береді. Егер сұраққа жауап дұрыс айтылмаса, мұғалім дұрыс жауапқа бағыттап, дұрыс жауабын табуға көмектеседі.	–Дыбыстың адамға жағымды және жағымсыз әсері жайлы не білдің?	Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Қошеметтеу» әдісі** бойынша бағалайды.	
Жаңа сабаққа дайындық	Жаңа сабаққа дайындық ретінде **«Сұрақ-жауап» әдісін** қолданып, талқылау жұмысын жүргізу. Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша жеткізеді. Ұжымдық талқылауда оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерін еркін айтып, ешқандай сынға ұшырамауы керек, қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім интерактивті тақтадан **сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлерімен таныстырады.***			
Сабақтың ортасы (31 мин.)	**II. Мағынаны ашу** (білімді өзектендіру үшін). ***(Ұ) Оқулықпен жұмыс істеу. «Түртіп алу» әдісі*** Оқулықта жаңа білім айдарындағы ақпаратты оқып, берілген термин сөздер мен негізгі ұғымдармен танысады. Оқыған мәтінді, ұжымдық үлгіде өзара талқылайды. Бір-біріне, мұғалімге сұрақтарын қойып, өз білімдерін жаңа ақпаратпен толықтырады.			Интерактивті тақта

	(МК, Ө) Практикалық жұмыс **1.** Интернеттен табиғи және жасанды дыбыстық әсерлерді компьютерге **«Дыбыс әсерлері»** бумасына көшіріп, сақта. **2.** Компьютерден **«Windows Media Playe»** программасын іске қос. **3.** **Файл – Ашу** (Открыть**)** командаларын орындап, дыбыс сақталған буманы аш. **4.** Тыңдағың келетін дыбыстық файлды, мысалы, **«Бұлбұл дауысы.mp3»** тінтуірдің көмегімен аш. **5.** **«Windows Media Playe»** программасының көмегімен бумаға сақталған дыбыстық әсерлерді тыңда.			Интерактивті тақта
	(Т) «Ойлан, топтас, бөліс» әдісі **1-тапсырма.** Шудың адамға қандай жағымсыз әсері бар? «Мектептегі шу деңгейін қалай азайтуға болады?» тақырыбында ойларыңды ортаға салыңдар.	**Дескриптор:** • Шудың адамға жағымсыз әсерлері туралы айтады. • Мектептегі шу деңгейін қалай азайтуға болатыны туралы ойларын ортаға салып, ұсыныстарын айтады.	Оқушылар бірін-бірі **«Қошеметтеу» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта

	Ұсыныстарыңды айтыңдар.			
	(Ж) «Көршіңмен талқыла» әдісі **2- тапсырма.** Құлаққаппен жиі ән тыңдаған адамның есту қабілеті төмендейді. Оқулықта берілген суреттер арасындағы қауіпсіздігі төмен құлаққапты көрсетіңдер. Себебін түсіндіріңдер.	**Дескриптор** • Жұбымен ақылдасып, тапсырманы талқылайды. • Суретте берілгендердің ішінен ең қауіпсіз құлаққапты таңдайды. • Қауіпсіз екендігін дәлелдеп, себебін түсіндіреді.	Жұптағы оқушылар бір-бірін тапсырма орындау деңгейіне байланысты **«Қошеметтеу» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта
	(Ө) «Бір сөйлеммен түйіндеу» әдісі Оқушылар «Ойлан» рубрикасымен берілген тапсырма бойынша білімдерін түйіндейтін бір сөйлем жазады. Сөйлемдер кім, не, қашан, неліктен, қалай, қай жерде т.б. сұраулы сөздерден тұруы мүмкін. Содан кейін сөйлемдерді сыныптастар бағалай алады немесе көшіріп жазады т.б. Оқулықтағы табиғи және жасанды дыбыс көздерін анықтайды. Бұл дыбыс көздерінен қандай дыбыстық әсерлер аламыз? (жағымды, жағымсыз) Себебін түсіндіреді.	**Дескриптор** • Табиғи және жасанды дыбыс көздерін анықтайды. • Бұл дыбыс көздерінен қандай дыбыстық әсерлер алатынын айтады. • Неліктен жағымды немесе жағымсыз екендігін түсіндіреді.	Оқушылар өзін-өзі **«Қошеметтеу» әдісі** бойынша бағалайды.	

Сабақтың соңы (7 мин.) ***Сабақты бекіту. Рефлексия***	**III. Ой толғаныс. Рефлексия** ***(Ө) «Аяқталмаған сөйлем» әдісі*** «Мұғалімге жеделхат» тақтасына оқушылар стикер жапсыру арқылы орындалады. Оқушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады:	–Бүгінгі сабақта мен ... түсіндім, ... білдім, ... көзімді жеткіздім. –Бүгін сабақта қуантқаны ... – Мен өзімді ... үшін мақтар едім. – Маған ерекше ұнағаны ... – Сабақтан соң маған ... келді. – Бүгін маған ... сәті түсті. – Қызықты болғаны ... –... қиындық тудырды. – Менің түсінгенім ... – Енді мен ... аламын.	Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Қошеметтеу» әдісі** бойынша бағалайды. **Мақсаты:** оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. **Тиімділігі:** тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды; жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.	

Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулығын және қауіпсіздік ережесін сақтау.
«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.	**«Қошеметтеу» әдісі.**	Денсаулықты сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік ережелерінің тармақтары орындалады.

Жалпы бағалау

Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз?

1:

2:

Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз?

1:

2:

Мен сабақ кезінде сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері, қиыншылықтары туралы нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аударуым керек?

1:

2: